

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қалалық нысаналы "Жастар мен жасөспірімдер" бағдарламасын бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 19 қаңтардағы VIII-сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXII сессиясының 2002 жылғы 19 желтоқсандағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 қаңтарда N 504 тіркелді

Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XX сессиясының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 211 шешімімен

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2002 жылғы 29 қарашадағы XX-сессиясының шешіміне сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ш е ш і м қ а б ы л д а д ы :

2001-2002 жылдарға арналған Алматы қалалық нысаналы "Жастар мен жасөспірімдер" бағдарламасын бекіту туралы" II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 19 қаңтардағы VIII-сессиясы шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- Алматы қалалық нысаналы "Жастар мен жасөспірімдер" бағдарламасының қолдану мерзімі 2005 жылға дейін белгіленсін;

- II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2001 жылғы 19 қаңтардағы VIII-сессиясы шешімінің қосымшасында.

II. Бағдарлама төлқұжаты бөлімінде:

- бағдарламаның құқықтық негізі мен нормативтік базасы: мына мазмұндағы 8 тармақпен толықтырылсын: "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-1 Қазақстан Республикасының заңы" (1998 жылғы 20 қарашадағы және 1998 жылғы 24 желтоқсандағы өзгерістермен)";

- бағдарлама әкімшілері бөлімі мына редакцияда мазмұндалсын: "Алматы қаласының мәдениет басқармасы"

- бағдарлама үйлестірушісі тармағы мына редакцияда мазмұндалсын: "Бағдарлама үйлестірушісі және жауапты орындаушысы - Алматы қаласының жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры";

- бағдарлама атқарушылары тармағында көрнекі ақпарат басқармасы сөздері алынсын және "Алматыжарнама" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны және "Алматықалабезендіру" акционерлік қоғамы сөздерімен толықтырылсын;

- бағдарламаны іске асыру шарты мына мазмұндағы 7 тармақпен толықтырылсын: "Алматы мемлекеттік қаласында жастар саясатын іске асыру" бөлімінде барлық қала құрылымдарының қызметін үйлестіру";

- бағдарламаны қаржыландыру көлемі тармағы мына редакцияда мазмұндалсын: "2003 жылғы - 50000000 теңге, 2004-2005 жылдарға - қала бюджетінен осы мақсаттарға бөлінген қаражат шегінде";

- 3 бөлім. в) тармағы 1 тармақша мына редакцияда мазмұндалсын:

"Жастар үйін ашу", орындау мерзімі 2003 жыл болып белгіленсін;

- 3 бөлім. а) тармағы 19 тармақша мына редакцияда мазмұндалсын:

"Әйелдер мен жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін қайтарымды негізде қала бюджеті қаражатынан жеңілдікпен кредиттеудің жалпы көлемін 20 пайыздық квота бөлуді қарастыру".

І І - с а й л а н ғ а н

Алматы қалалық Мәслихаты

XXII-сессиясының төрағасы

І І - с а й л а н ғ а н

Алматы қалалық Мәслихатының

хатшысы